

**Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № 166 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" қаулысының күшін жою туралы**

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы N 28 қаулысы

**РҚАО-ның ескертпесі.**

**Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабының 8-тармағына, Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 27 қарашадағы "Әкімшілік рәсімдер туралы" Заңының 8-бабының 3-тармағына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 5 желтоқсандағы № 166 "Мүгедектер үшін жұмыс орындарының квотасын белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық акт мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3139 нөмірімен 2014 жылғы 8 қаңтарда тіркелген, аудандық "Ұлан таңы" газетінің 2014 жылғы 4 ақпандағы № 9 (7729) санында жарияланған) қаулысының күші жойылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Р. Мамырбаеваға жүктелсін.

*Ұлан ауданының әкімі*

*Д. Батырбаев*